

# **«Архив - тарих қазынасы» атты мақала жарық көрді**

Жамбыл облысының 80 жылдық мерейтойына орай облыстық «Арай» газетінің 21.11.2019 жылғы №47 санында «Архив-тарих қазынасы» атты мақала жарық көрді.

1939

Жамбыл облысы

2019

80  
ЖЫЛ

## «АРХИВ – ТАРИХ ҚАЗЫНАСЫ

-Ақиқатты көкте Құдай, жерде архив қана айғақтайды- дейді қазақтың қайсар ұлы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы. Расымен-ақ, уақыттың ажырамас байланысын, жаңарып отыратын қоғамдағы және тарихи кезеңдердегі мәліметтерді сақтайтын архив мекемелерінің маңызы зор. Жамбыл өңіріндегі өткен уақыт тынысындай құжаттарды облыстық архив мекемелері шаң тигізбей, бүлдірмей сақтап келеді. Тарихы өткен ғасырдан бастау алатын облыстық мемлекеттік архивтің құрылғанына биыл – 80 жыл. Сейсенбі күні айтулы мерейтойға орай аталған мекемеде облыс әкімінің орынбасары Сұлушаш Құрманбекованың және ақялы қауым өкілдерінің қатысуымен «Архив – тарих қазынасы» атты фото-құжаттар көрмесі өтті.

Шараны ашып, жүргізген облыс әнімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Сара Мәдиева архив тарихына қысқаша тоқталды. 1939 жылы облыс құрылғаннан кейін Қазақ Республикасының Ішкі Істер Халық Комиссариаты облыстық басқармасының 1939 жылдың 22 желтоқсандағы «Облыста архив бөлімін құру туралы» №1875 бұйрығына сәйкес, Жамбыл облысы бойынша архив бөлімі ашылды. Тарихын тереңнен алатын облыстық мемлекеттік архив ұжымының өткенді болашақпен жалғанда үлкен жұмыстар атқарып жатқанын тілге тиек еткен Сара Қабылбекқызы фото-құжаттар көрмесі «Архив – 2025» бағдарламасының негізінде өткізіліп жатқанын айтып өтті.

Ал көрмені салтанатты түрде ашқан облыс әкімінің орынбасары Сұлушаш Құрманбекова архив саласында кейінгі жылдары өндіріп жұмыс істеген, соңында өшпес мұра қалдырған, жуырда ғана емірден озған Қазақстанның Құрметті журналисі Мақұлбен Рысдаулетті бір минут үнсіздікпен еске алуды ұсынды.

– Өткені жоқ ел, тарихы жоқ халық болмайды. Тарих қойнауына тереңдеп өнген әрбір ғасырдың, әрбір кезеңнің өзіндік маңызы мен ереншеліктері, айқындалатын айтулы оқиғалары, жылнамалары бар. Осы ретте архив ісіне жүктелетін жауапкершілік орасан деп ойлаймын. Архив – тарихи шежіре қоймасы ғана емес, әрбір ұлт тарихының қазынасы. Ал қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, тарихымызды танытуда архив саласы мамандарының еңбегі орасан. «Өткен күн – кешегі тарих, келер күн – ертеңгі сыр, бүгінгі күн – үлкен сый» деп Қорқыт атамыз айтқандай, болашақ ұрпаққа рухани мұра қалдыру жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын дегім келеді, – деген Сұлушаш Сәтбекқызы облыстық мемлекеттік архив ұжымын 80 жылдық мерейтоймен құттықтады.

Мұнан кейін мекеменің ғылыми-анықтамалық аппарат және құжаттарды жариялау бөлімінің басшысы Назым Қожамарова фотоқұжаттар көрмесімен таныстырды. Көрмеде облыс құрылғалы бергі тарихымыздан сыр шергетін 100-ге жуық фотосурет, өңірдің жан-жақты дамуына еңбегі сіңгендердің және тектің құжаттары, фотоальбомдар қойылған. Ал көрмеге облыстың «Еңбек туы» (назіргі «Ақ Жол» газеті) және «Знамя труда» газеттерінде фототілші болған Орлик Ким мен Тілеумағамбет Елемісовтың бұрын жарияланбаған суреттері пайдаланылған.

Шара соңында Сұлушаш Сәтбекқызы облыстық мемлекеттік архив ұжымының жұмысына өте жоғары баға беріп, ризашылығын білдірді.

